



18/1-47 29.05.2026



БЕКІТЕМІН
«ОҚМА» АҚ ректоры
Ж.С.Сейтжанова
2026 ж.

АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Е 325-2026

Күні	Көшірме	Басылым
		Төртінші

Шымкент қ.

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 325-2026
Академиялық комитет туралы ереже		4-ші басылым 2 беттің 15-беті

**1. «ОҚМА» АҚ Оқу - әдістемелік орталығы ӘЗІРЛЕП,
ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ.**

2. «ОҚМА» АҚ Әдістемелік Кеңесінің шешімімен КЕЛІСІЛДІ.

3. «ОҚМА» АҚ Сапа жөніндегі Кеңесінің шешімімен БЕКІТІЛДІ.

Тексеру кезеңділігі - 3 жыл

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		E 325-2026
Академиялық комитет туралы ереже		4-ші басылым 3 беттің 15-беті

МАЗМҰНЫ

1	НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	4
2	ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР.....	5
3	ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕР.....	8
4	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	9
5	АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.....	10
6	АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ ҚЫЗМЕТІ.....	11
7	АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ ҚҰРАМЫ	12
8	ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ.....	12
9	АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ МЕН ӨКІЛЕТТІГІ.....	13
10	ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕ.....	14

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық	Е 325-2026	
Академиялық комитет туралы ереже		4-ші басылым 4 беттің 15-беті

1 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы құжат мынадай нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып әзірленді:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III "Білім туралы" Заңы.

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы (толықтырулар мен өзгертулер 24.06.2024ж.)

- ҚР БҒМ "Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" 04.20. 2011ж. №152 бұйрығы (толықтырулар мен өзгертулер 29.04.2024ж.)

- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы» 2022 жылғы 4 шілдедегі № ҚР ДСМ-63 бұйрығы (толықтырулар мен өзгертулер 01.09.2025ж.)

- «Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 9 қаңтардағы № 4 бұйрығы (толықтырулар мен өзгертулер 30.09.2025ж.)

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы (толықтырулар мен өзгертулер 22.04.2025ж.)

- «Білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы №583 бұйрығы (толықтырулар мен өзгертулер 13.04.2026ж.)

- «ОҚМА» АҚ білім беру бағдарламаларын әзірлеу тәртібі мен рәсімдері туралы ережесі Е 09-451-2026

- Академиялық адалдық кодексі К 121-2023;

- «ОҚМА» АҚ-да жасанды интеллект және цифрлық технологияларды қолдану ережесі Е 507-2026

ISO 9000: 2015 - Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік.

ISO 9001: 2016 - Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар

СТ 002-2024 - Ішкі нормативтік құжаттарды басқару

СТ 004 - 2024 - Қызметтік құжаттарды басқару

СТ 007-2024 - Жазбаларды басқару

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 325-2026
Академиялық комитет туралы ереже		4-ші басылым 5 беттің 15-беті

- СТ 009-2024 - Жақсартуды жоспарлау
 СТ 010-2024 - Басшылық тарапынан талдау
 СТ 020-2024 - Ішкі аудит
 СТ 021-2024 - Сәйкессіздіктерді басқару, түзету әрекеттері
 СТ 023-2024 - «ОҚМА» АҚ білім беру қызметінің сапасын ішкі қамтамасыз ету стандарттары.

2 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы құжатта келесідей терминдер мен анықтамалар қолданылды:

Академиялық кредит	- білім алушының, оқытушының ғылыми және оқу жұмысы (жүктемесі) көлемінің біріздендірілген өлшем бірлігі.
Жоғары оқу орнының компоненті	- білім беру бағдарламасын меңгеру үшін жоғары оқу орны дербес айқындайтын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемінің тізбесі.
Дескрипторлар (descriptors)	-білім алушылардың жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің тиісті деңгейінің (сатысының) білім беру бағдарламасын оқуды аяқтағаннан кейін алған, оқыту нәтижелеріне, қалыптасқан құзыреттерге және академиялық кредиттерге негізделген білім, білік, дағды мен құзыреттілік деңгейі мен көлемінің сипаттамасы.
Қосымша білім беру бағдарламасы (Міпог)	-қосымша құзыреттерді қалыптастыру мақсатында оқу үшін білім алушылар айқындаған пәндердің және (немесе) модульдердің және оқу жұмысының басқа түрлерінің жиынтығы.
Кредиттерді трансферттеу (аудару) және жинақтаудың Еуропалық жүйесі (ECTS)	- білім алушылардың шетелде алған кредиттерін оқу орнына қайтып келгенде оның дәрежесіне есептелетін кредиттерге айырбастау, сондай-ақ білім беру бағдарламалары шеңберінде кредиттерді жинақтау әдісі.
Білім алушыларды қорытынды аттестаттау (Qualification Examination)	-тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру бағдарламасында көзделген оқу пәндерінің және (немесе) модульдердің және оқу қызметінің өзге де түрлерінің көлемін олардың игеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		E 325-2026
Академиялық комитет туралы ереже		4-ші басылым 6 беттің 15-беті

Құзыреттіліктер	- білім алушылардың оқу процесінде алған білімдерін, біліктіліктері мен дағдыларын кәсіби қызметте практикалық қолдану қабілеті.
Таңдау компоненті	-білім алушылардың пререквизиттері мен постреквизиттерін ескере отырып, кез келген академиялық кезеңде өз бетінше таңдайтын оқу пәндерінің тізбесі және жоо ұсынатын академиялық кредиттеріне сәйкес ең төменгі мөлшерлері.
Микробіліктілік	- жеке еңбек функцияларын орындауға мүмкіндік беретін қысқа оқу кезеңін аяқтағаннан кейін алынған білім, дағдылар мен құзыреттер жиынтығы.
Модуль	- білім беру бағдарламасының оқу нәтижелері бойынша аяқталған жеке құрылымдық элементі, білім алушылардың алған өлшенетін оқу нәтижелерінің нақты тұжырымдалуы.
Ұлттық біліктілік шеңбері (ҰБШ)	- еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлерінің жүйелі және құрылымдық сипаттамасы (Қазақстан Республикасында 8 деңгейден тұрады).
Білім беру бағдарламасы	- оқытудың мақсаттарын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды, оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшем шарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені; оқыту нәтижелеріне бағдарланған және тиісті кәсіптік стандарттар болған кезде талаптарды ескереді.
Міндетті компонент	- МЖМБС білім беру стандартында белгіленген және оқу бағдарламасына сәйкес білім алушылар міндетті түрде оқитын оқу пәндерінің тізбесі және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі мөлшерлері.
Негізгі білім беру бағдарламасы (Major)	-негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыру мақсатында білім алушыларға оқу үшін анықталған білім беру бағдарламасы.
Салалық біліктілік шеңбері (СБШ)	- салада танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы. Деңгейлердің әрқайсысы дескрипторлар деп аталатын

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		E 325-2026
Академиялық комитет туралы ереже		4-ші басылым 7 беттің 15-беті

	критерийлердің бірыңғай параметрлер жиынтығымен сипатталады. Дескрипторларға мыналар жатады: - ҰБШ-тен біліктілік деңгейі (кіші деңгейлерді бөлуге рұқсат етіледі); - білім; - іскерліктер/дағдылар; - құзыреттер: кәсіби және/немесе жеке.
Кәсіби стандарт	- нақты кәсіптік топта (кәсіптік қызмет саласында) немесе кіші топта (еңбек қызметі түрінде) біліктілік пен құзыреттілік деңгейіне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт
Білім беру бағдарламасын әзірлеу	- оқу нәтижелерін және тиісті еңбек шығындарын, оқу қызметінің түрлерін, оқыту әдістері мен бағалау рәсімдерін/критерийлерін көрсете отырып, білім беру бағдарламасын және оның компоненттерін жоспарлау.
Оқыту нәтижесі	- білім алушылар мен түлектердің білім, білік, дағдылар, қабілеттер, құзыреттер тілінде көрсетілген және білім алушының білім беру бағдарламасының барлық немесе бір бөлігі аяқталғаннан кейін не істей алатындығын сипаттайтын күтілетін өлшенетін нақты жетістіктері. білім алушылардың білім беру бағдарламасын игеру бойынша алған, көрсеткен білімдерінің, іскерліктерінің, дағдыларының бағалаумен расталған көлемі және қалыптасқан құндылықтар мен қатынастар.
Білім беру бағдарламаларының тізілімі	– жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары әзірлеген білім беру бағдарламаларының тізбесін қамтитын білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесі.
Силлабус	пәннің жұмыс оқу бағдарламасы
Студенттік орталықтан-дырылған оқыту	-білім алушының болашақ мамандығы мен мүмкіндігінің талаптарына сәйкес оқыту бағдарламалары мен әдістерін қалыптастыру.
Үлгілік оқу бағдарламасы (ҮОБ)	- білім беру бағдарламасының міндетті компоненті пәнінің мазмұнын, көлемін,

O'NTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		E 325-2026
Академиялық комитет туралы ереже		4-ші басылым 8 беттің 15-беті

	ұсынылатын әдебиетін айқындайтын оқу құжаты.
Еңбек функциясы	- еңбек процесінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты әрекеттер жиынтығы
Академиялық адалдық	- бұл білім беру, білім алу мен ғылыми жұмыс барысында шынайылық, әділдік және жауапкершілік қағидаларын сақтай отырып, сыбайлас жемқорлықты алдын алуды, болдырмауды қамтамасыз етеді. Академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қағидаттары: - адалдық – пара алмау, жалған ақпарат бермеу; - әділдік – барлыққа тең мүмкіндік беру, таныстықпен артықшылық жасамау; - жауапкершілік – өз әрекетіне есеп беру, заң мен ережені сақтау; - сенім – қоғамда және оқу орнында сенімді орта қалыптастыру; - құрмет – басқалардың құқығы мен еңбегін бұзбау; - ашықтық – шешімдер мен бағалаудың айқын болуы.
Жасанды интеллект	- адамның интеллектуалдық қызметінің нәтижелерімен салыстырылатын немесе олардан асып түсетін нәтижелерді қамтамасыз ететін, адамға тән когнитивті функцияларды имитациялай алатын функционалдық қабілет.
Жасанды интеллект жүйесін пайдаланушы	- нақты функцияны және (немесе) міндетті орындау үшін жасанды интеллект жүйесін пайдаланатын адам.
Жасанды интеллект жүйесі қызметінің нәтижесі	- ұсынылу нысанына қарамастан, ақпарат, шешім немесе жасанды интеллект жүйесі өндіретін жұмыстарды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді қоса алғандағы әрекеттер.

3 ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕР

Осы құжатта келесідей қысқартулар мен белгілер қолданылды:
 «ОҚМА» АҚ - «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы»

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		E 325-2026
Академиялық комитет туралы ереже		4-ші басылым 9 беттің 15-беті

	Акционерлік қоғамы
ОӘО	- Оқу-әдістемелік орталық
АК	- Академиялық комитет
ЖК	- Жоғары оқу орнының компоненті
МЖМБС	- Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
ECTS	- European Credit Transfer and Accumulation System (ECTS) Еуропалық аударма және ұпай жинау жүйесі
ТК	- Таңдау компоненті
НҚ	- Негізгі құзыреттер
ЭПК	- Элективті пәндер каталогы
ҚР ДСМ	- Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрлігі
ҚРҒЖБ	- Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігі
ӘК	- Әдістемелік Кеңес
ҰБШ	- Ұлттық біліктілік шеңбері
ББ	- Білім беру бағдарламасы
СБШ	- Салалық біліктілік шеңбері
КС	- Кәсіби стандарт
ОН	- Оқыту нәтижесі
ІСҚЖ	- Ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі

4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

Осы Ереже "Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы" Акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «ОҚМА» АҚ) сапа менеджменті жүйесінің (бұдан әрі – СМЖ) ішкі нормативтік құжаты болып табылады және білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен жетілдіру бөлігінде академиялық комитеттің (бұдан әрі – АК) жұмысын ұйымдастыру және реттеу мақсатында әзірленді.

Ережені дайындау, өткізу және құжаттау процестеріне қатысатын «ОҚМА» АҚ барлық қызметкерлері орындауы үшін міндетті.

Осы құжат «ОҚМА» АҚ-ның ішкі нормативтік құжаты болып табылады және «ОҚМА» АҚ-ның бірінші басшысының рұқсатымен сапа менеджменті жүйесіне тексеру жүргізу кезінде сертификаттау органдарының аудиторларынан басқа Тараптарға, сондай-ақ серіктес-тұтынушыларға (олардың талабы бойынша) ұсынуға жатпайды.

АК «ОҚМА» АҚ ректорының бұйрығымен құрылады және «ОҚМА» АҚ жарғысына және осы Ережеге сәйкес әрекет етеді.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 325-2026
Академиялық комитет туралы ереже		4-ші басылым 10 беттің 15-беті

АК факультеттер мен басқару базасында жұмыс істейтін білім беру бағдарламаларын жетілдіру бойынша «ОҚМА» АҚ-ның тұрақты жұмыс істейтін алқалы және кеңесші органы болып табылады.

АК іске асырылатын ББ және дайындық деңгейлері бойынша қалыптастырылады:

- «Медицина/Жалпы медицина» ББ АК;
- «Педиатрия» ББ АК;
- «Стоматология» ББ АК;
- «Фармация» ББ АК;
- «Фармацевтикалық өндіріс технологиялары» ББ АК;
- «Қоғамдық денсаулық сақтау/қоғамдық денсаулық» ББ АК;
- «Мейіргер ісі» ББ АК;
- «Медициналық-профилактикалық іс» ББ АК;
- «Магистратура және докторантура» ББ АК;
- Резидентураның терапиялық бейініндегі ББ АК;
- Резидентураның хирургиялық бейініндегі ББ АК;
- Резидентураның педиатриялық бейініндегі ББ АК.

АК жұмысын бақылауды және үйлестіруді декандар, факультеттер, басқарма басшысы жүзеге асырады.

АК-нің тікелей жұмысын комитеттің төрағалары факультеттер/басқарма базасында ұйымдастырады.

Өз жұмысында АК білім берудің барлық деңгейлерінде білім алушыға бағытталған оқыту, білім беру және бағалау қағидатын басшылыққа алады.

5 АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

АК мақсаттары МЖМБС талаптарына, Қазақстан Республикасының Жоғары білім біліктілігінің Ұлттық шеңберіне және кәсіптік стандарттарға сәйкес ББ әзірлеу және жетілдіру, сондай-ақ оқу пәндері мазмұнының олардың мақсаттарына, міндеттері мен оқу нәтижелеріне сәйкестігін талдау болып табылады.

АК міндеттері келесідей:

- «ОҚМА» АҚ Е 451-2024 білім беру бағдарламаларын әзірлеу тәртібі мен рәсімдері туралы ережеде айқындалған олардың құрылымдық элементтерін (оқу жоспарларын, оқыту нәтижелерін) және құжаттарын әзірлеу;
- ББ әзірлеуде үздік әлемдік және отандық тәжірибені талдау және имплементациялау;
- бітірушінің құзыретіне қойылатын талаптарды нақтылау және оларды дайындау сапасын бағалау үшін жұмыс берушілермен және ББ-ның өзге де мүдделі тараптарымен өзара іс-қимыл жасау;

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		E 325-2026
Академиялық комитет туралы ереже		4-ші басылым 11 беттің 15-беті

- ББ компоненттерін енгізу немесе түрлендіру бойынша алқалы шешімдер қабылдау;
- еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып ББ мазмұнын талдау, жетілдіру және қайта жобалау;
- осы Ереженің талаптарын орындау;
- осы Ереженің талаптарына сәйкес АҚ жұмысын қамтамасыз ету;
- ББ әзірлеу және жетілдіру тиімділігін арттыру, іске асыру және сапасын қамтамасыз ету мәселелері бойынша кафедралардың бірлескен іс-қимылдарын үйлестіру;
- ПОҚ, кафедралардың әдістемелік материалдарының сапасын қамтамасыз ету;
- АҚ мүшелерін ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің жаңа нормативтік құқықтық құжаттарымен (бұдан әрі - НҚК), «ОҚМА» АҚ ішкі нормативтік құжаттарымен (бұдан әрі - ІНҚ), сондай-ақ ДСМ НҚК, ҒЖЖБМ және «ОҚМА» АҚ ІНҚ- ғы өзгерістер мен толықтырулармен уақтылы таныстыру.
- «ОҚМА» АҚ-ның кез келген қызметкері (оның лауазымына, құзыреттілігіне қарамастан) білім алушылармен әріптестері арасында, академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға және сол қағидаттарды қатаң ұстануға міндетті.
- қызметкер жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдануға қатысты ішкі нормативтік құжаттардың талаптарын, соның ішінде оларды қауіпсіз, этикалық және жауапты пайдалану қағидаттарын сақтауға міндетті.

6 АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ ҚЫЗМЕТІ

Мақсаттар мен міндеттерді іске асыру үшін АҚ келесі қызметтерді орындайды:

- ББ түлектерінің күтілетін құзыреттеріне жұмыс берушілердің талаптарын айқындау және жүйелеу;
- еңбек нарығының ағымдағы және болашақ қажеттіліктерін, кәсіби стандарттар мен кәсіби қауымдастықтардың талаптарын талдау;
- ББ жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлеу;
- оқыту нәтижелерін, оларға қол жеткізу критерийлерін, оқыту нәтижелерін бағалау әдістері мен құралдарын тұжырымдау;
- бейресми білім беруде оқыту нәтижелерін анықтау, оның ішінде микро біліктілікті;
- ББ әзірлеу: модульдердің, оқу пәндерінің тізбесін және олардың академиялық кредиттердегі еңбек сыйымдылығын айқындау;

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық	Е 325-2026	
Академиялық комитет туралы ереже	4-ші басылым 12 беттің 15-беті	

- негізгі (Major) және қосымша (minor) білім беру бағдарламалары бағыты бойынша әзірлеу;
- пәндер тізбесін, кадрлық, материалдық-техникалық және ақпараттық қамтамасыз етуді, сондай-ақ ББ қажетті қаржы ресурстарын әзірлеу;
- оқытудың инновациялық технологияларына оқыту мен бағалау әдістеріне негізделген оқыту стратегиясын айқындау;
- практикалық денсаулық сақтау саласындағы сарапшыларды тарта отырып, білім алушылардың кәсіби білімін, дағдылары мен дағдыларын қалыптастыру тұрғысынан оқу бағдарламалары мен оқу-бағдарламалық материалдарының сапасына сараптама мен бақылауды жүзеге асыру;
- білім берудің әртүрлі деңгейлерінде пәндердің сабақтастығын қамтамасыз ету және олардың қайталануын жою мақсатында ЭПК қалыптастыру жөніндегі ұсынымдар;
- ББ міндеттері мен құрылымына сәйкестік бөлігінде оқу пәндерінің силлабустары мазмұнының сапасын сараптауға және бақылауға қатысу;
- практик мамандарды бейіндік пәндер бойынша сабақтарды бірлесіп өткізуге, оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеуге, мастер класс дәрістерін өткізуге міндетті түрде тарту бойынша жәрдем көрсету;
- білім беру бағдарламасын сапаны бағалаудың түрлі рәсімдеріне дайындау (сапаны Ішкі қамтамасыз ету жүйесінің (СІҚЖ) стандарттарына сәйкестігін өзін-өзі бағалауды және аккредиттеуді қоса алғанда);
- ББ білім алушылардың қанағаттанушылығын және АҚ өкілеттігі шеңберінде оқыту сапасын талдау және мониторингілеу.

7 АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ ҚҰРАМЫ

АҚ құрамы профессор-оқытушылар құрамынан, деканат қызметкерлерінен, Денсаулық сақтау және жұмыс берушілердің өкілдерінен, «ОҚМА» АҚ өзге де құрылымдық бөлімшелерінен, сондай-ақ білім алушылардан құралады.

АҚ кемінде 7 мүшеден тұрады. АҚ сандық және дербес құрамы кафедра басшыларының ұсынысы бойынша қалыптастырылады. Жыл сайын АҚ құрамы қажеттілігіне қарай қайта қаралады.

АҚ жұмысын Төраға басқарады. АҚ мүшелерінің бірі көпшілік дауыспен жалпы дауыс беру арқылы төраға болып сайланады.

АҚ қызметін ұйымдастыру, құжаттаманы дайындау және хаттамаларды ресімдеу үшін Комитет мүшелерінің арасынан хатшы сайланады.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		E 325-2026
Академиялық комитет туралы ереже		4-ші басылым 13 беттің 15-беті

Комитеттердің құрамы академиялық жұмыстар жөніндегі проректормен және ОӘО басшысының келісуімен деканның ұсынуы бойынша ректордың бұйрығымен бекітіледі.

8 ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

АК факультеттер, басқарма базасында құрылады.

АК жұмысы жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады, ол оқу жылына жасалады. Комитеттің отырыстары қажеттілігіне қарай (бірақ екі айда бір реттен кем емес) өткізіледі.

АК бірінші отырысында төрағаны, оның орынбасарын және хатшыны сайлайды.

АК Төрағасы отырыстарды ұйымдастырады және өткізеді, жұмысты жоспарлайды, Комитеттің қызметіне жауапты болады. Төраға болмаған жағдайда оның қызметін орынбасары атқарады.

Хатшы отырыстардың хаттамаларын жүргізеді, оған АК төрағасы мен хатшысы қол қояды.

АК құжаттамасы Төрағада сақталады. Құжаттаманы жүргізуге және сақтауға жауапты хатшы болып табылады.

АК төрағасы мен мүшелерінің жұмысы жеке жоспарда ескеріледі.

АК шешімдері ашық дауыс беру жолымен және отырысқа қатысатын мүшелер санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

АК отырысы, егер оған оның мүшелерінің кемінде 2/3 (үштен екісі) немесе одан көп бөлігі қатысса, заңды деп есептеледі.

АК жұмысы туралы есеп факультет кеңесінің, Ғылыми Кеңестің, Әдістемелік Кеңестің қарауына шығарылады.

9 АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ МЕН ӨКІЛЕТТІГІ

Комитет қызметкерлері келесілерге жауапты:

АК өзіне жүктелген міндеттер мен қызметтерді тиісінше орындамағаны үшін жауап береді.

Осы Ережеге сай анықталған мәселелер бойынша шешімдер қабылдау

Білім беру үдерісін тиімді ұйымдастыру үшін нормативтік базаны жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуге.

Жоғары тұрған органдар мен құрылымдық бөлімшелерге білім беру үдерісін жетілдіру, сапасын арттыру және білікті кадрларды даярлау жөнінде ұсыныстар енгізуге.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		E 325-2026
Академиялық комитет туралы ереже		4-ші басылым 14 беттің 15-беті

Ішкі сапаны қамтамасыз ету стандарттарының талаптарын жауапкершілікпен орындау.

Комитет қызметкерлері келесілерге құқылы:

АК төрағасы комитет мүшелері арасында міндеттер мен тапсырмаларды бөлуге және олардың орындалуы туралы есепті талап етуге құқылы.

Төраға өз атынан оқу-әдістемелік және Академиялық жұмыстар жөніндегі проректордың келісімі бойынша «ОҚМА» АҚ құрылымдық бөлімшелерінен АК жұмысына қажетті ақпаратты сұратуға құқығы бар.

Қызметкер жасанды интеллект құралдарын қолдану кезінде алынған нәтижелердің дұрыстығын тексеруді, құпиялылық пен деректерді қорғау талаптарын, академиялық адалдық қағидаттарын сақтауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ аталған технологияларды қолдана отырып дайындалған түпкілікті шешімдер мен материалдар үшін жеке жауапкершілікте болады.

Жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдану тәртібін сақтамау академиялық адалдық қағидаттарына қайшы келетін іс-әрекет ретінде қарастырылады.

10 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕ

Осы Ереже бойынша барлық жұмыстарға академиялық жұмыстар жөніндегі проректор жетекшілік етеді. Ереженің талаптарын жұмыс жағдайында ұстауға оқу-әдістемелік орталық жауапты болады.

Осы Ережеге барлық өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім Министрлігінің нормативтік актілеріне сәйкес енгізіледі, қызметтің нақты бағыттарына жауап беретін «ОҚМА» АҚ басшылығымен келісіледі және «ОҚМА» АҚ ректорымен бекітіледі.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Оқу-әдістемелік орталық	E 325-2026
Академиялық комитет туралы ереже	4-ші басылым 15 беттің 15-беті

Әзірлеген:

Қызметі	Тегі, аты-жөні
Оқу-әдістемелік орталық басшысы	Б.З.Долтаева

Тексерген:

Қызметі	Тегі, аты-жөні
Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімінің меңгерушісі	Н.Ә.Ержанов
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	О.А.Кабиштаев

Келісілген:

Қызметі	Тегі, аты-жөні
Академиялық жұмыстар жөніндегі проректор	М.У.Анартаева
Комплаенс офицер	Н.А.Пернебаев

Лист согласования и подписания

ФИО	Тип действия	Время и дата согласования или подписания	Замечания	Данные по ЭЦП
Долтаева Бибигуль Зайдуллаевна	Разработано	26.05.2026, 16:39:03	Без замечаний	
Ержанов Нурлан Амирович	Проверено	29.05.2026, 12:01:57	Без замечаний	
Кабиштаев Орынбасар Абдукаримович	Проверено	26.05.2026, 17:32:39	Без замечаний	
Анартаева Мария Уласбековна	Согласовано	28.05.2026, 16:17:52	Без замечаний	
Пернебаев Нургали Алиханович	Согласовано	28.05.2026, 16:19:27	Без замечаний	
Сейтжанова Жанна Серикжановна	Подписано	29.05.2026, 12:45:37	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, СЕЙТЖАНОВА ЖАННА, "Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы" акционерлік қоғамы, BIN991040003556
Сейтжанова Жанна Серикжановна	Зарегистрировано	29.05.2026, 12:45:40	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, СЕЙТЖАНОВА ЖАННА, "Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы" акционерлік қоғамы, BIN991040003556

